

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының жоспарына сай Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясында облыстық **«Үздік ашық сабақ - 2021»** тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспарлар байқауы өтеді. Байқауға жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ беретін сертификатталған мұғалімдері (колледж және жалпы орта мектептердің барлық пән мұғалімдері, мектепалды даярлық тобының мұғалімдері мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері) шақырылады.

Байқаудың ұйымдастырушысы: «Өрлеу» біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Байқаудың мақсаты - жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізуі мен критериалды бағалау жүйесін түсініп қолдана білуі мен қажетті дағдыларды қалыптастыруын анықтау және тәжірибесін тарату.

Міндеттері:

- жаңартылған бағдарлама идеясы бойынша үздік сабақтарды анықтау;
- оқу мақсаттарына сай критериалды бағалау жүйесін қолдануын анықтау;
- оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану бағытында педагогтердің кәсіби шеберліктерін бағалау.

Байқаудың өткізілетін орны: Шымкент қаласы М.Х.Дулати көшесі – 201а, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ.

Байқауға қатысты сұрақтар бойынша көрсетілген байланыс телефондарына хабарласа аласыздар.

Байланыс телефоны: 8778-964-29-61 Медетова Лаура Сухраповна
8701-761-83-60 Шойманова Мөлдір Балғабаевна